

# Ғасырдың ғажап жазушылары



С. Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің 80 жылдық мерейтойына арналған «Ғасырдың ғажап жазушылары» атты әдеби кеш Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітаханасының ұйымдастыруымен өтті.

Әдеби кешіміздің шымылдығын Гүлдана Мендібаева жетекшілік ететін «Тұмар» би ансамблы ашып берді. Балалар әдебиетіндегі жазушылардың өлеңдерін ауданымыздағы «Акерке» бөбекжайының бүлдіршіндері Жақан ағамыздың өлеңдерін жатқа айтты.

Әлем әдебиетінің майталманы, француз жазушысы Шарль Перроның «Қызыл телпек» ертегісін «Балауса» бөбекжайының бүлдіршіндері мен тәрбиешілері ерекше көрініспен қойды. Б.Амалбеков атындағы ЖОББМ-нің, С.Сейфуллин атындағы ЖББМ-нің және

Е. Шаханов атындағы тірек мектебінің оқушылары балалар жазушысы М. Әлімбаев пен А.С.Пушкиннің өлеңдерін жатқа айтты. Әннен шашу шашқан Б.Амалбеков атындағы ЖОББМ-нің оқушысы Кәусәр Аманғалиқызы Мұзафар Әлімбаевтың сөзіне жазылған «Маралдым» әнін шырқады. Кештің соңын Диас Айдыңұлы мен Дарина Бакытбек «Кел досым кітапханаға» әнімен аяқтады.

80 жылдық мерейтойға арналған шараның соңында кешке қатысқан оқырмандарымызға дипломмен марапатталып, сыйлықтар берілді.

«Ғасырдың ғажап жазушылары» атты кітап көрмесіне шолу жасалынды. «Әсем әуен» үйірмесіне жетекшілік еткен Айгерім Абикеева шәкірттері Айзара Ерсайын, Мұхамедғалы Ғабдулла, Кәусәр Аманғалиқызы әннен шашу шашты. Барлық қатысушыларымызға рахметімізді білдіреміз!

**Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітаханасы**